

«Астана Медицина Университеті»АҚ  
Эпидемиология және жұқпалы аурулар кафедрасы

# *Пастереллез кезіндегі шаралардың стандарттары және алгоритмдері*

Орындаған: Базаркулова А.

Топ: 501-ҚДС

Қабылдаған:

Астана 2015 ж

# Жоспар:

## **I. Кіріспе**

## **II. Негізгі бөлім**

1. Пастереллез анықтамасы, этиологиясы
2. Пастереллез оқиғасының стандарттық анықтамасы
3. Пастереллез ошағын эпидемиологиялық тексеру және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру алгоритмі
4. Пастереллездің алдын алу шараларының алгоритмі.

## **III. Қорытынды**

## **IV. Пайдаланылған әдебиеттер**

# Пастереллез



- Пастереллөз - (Pasteurellosis), (тауық тырысқағы, геморрагиялық септицемия) — жанасу механизмімен берілетін, ішкі мүшелердің зақымдалуымен, іріңдеу, сепсис, инфекциялық-токсикалық шок белгілерімен сипатталатын, табиғи-антропургиялық, бактериалды, зоонозды инфекциялық ауру.
- Жануарлардың көптеген түрінде және адамда болатын жұқпалы ауру.

**Қоздырғышы- Pasteurella тобына жататын микроорганизмдердің *P. multocida*, *P. haemolytica*, *P. pneumotropica*, *P. ureae* түрлері. Ауру немесе аурып жазылған жануарлар организмінде болатын пастерелла бактериясы.**

**Негізгі 2 антиген құралады:**

**Капсулалы К антиген және соматикалық О антиген.**

***P. Multocida*- грам теріс, жылжымайтын, спора түзбейтін, аэробты, қоректі орталарда жақсы өсетін майда таяқша. Жоғарғы температура, қайнату, дезинфекциялық заттар әсеріне төзімсіз, күн сәулесі мен кептіру әсерінен 1-2 сағатта өледі. Суда-18 күн, топырақта – 30 күн, мұздатылған етте жылдап сақталады.**

**Пастереллез қоздырғышы жануарлар мен құстардың тыныс алу мен жұтыну мүшесінің микрофлорасына кіреді, қолайсыз факторлардың әсерінен пневмония, сепсис тудыруы мүмкін.**

## Эпизоотиялық және эпидемиялық процесс сипаттамасы.

Пастереллез барлық континентте таралатын, кейде үлкен эпизоотия түрінде көбіне кездейсоқ, бірең-сараң түрде өтетін ауру. Пастереллезге жылы қанды жануарлар, құстар және кеміргіштерде қабылдағыштық жоғары. Табиғатта пастереллез қоры жабайы және үй жануарлары, құстар мен кеміргіштер арасында да кездеседі.

***Инфекция көзі-*** ауру жануарлар және тасымалдаушылар. Ірі қара мал, ешкі, жылқы, шошқаларда спорадия түрінде, құстар мен қояндар арасында эпизоотия түрінде таралады. Тауық өсіру қожалықтарында экзогенді және эндогенді инфекция түрінде пайда болады.

**Беріліс механизмі-**

***Жүйе берілу жолы:*** Тұрмыстық - жанасу-ауру мал мен құстарды сою, өңдеу кезінде жұғады.

***Сирек берілетін жолдар:*** Трансмиссивті механизммен- кенелер және шіркейлердің шағуы арқылы жұғуы мүмкін.

***Алиментарлы-*** өндеуден өтпеген етті кеміргіштердің зәрімен ластанған тағамдық өнімді және суды қолданғанда.

***Ауа тамшылы-*** аутоинфекция болуы мүмкін

## Берілу факторы

- Жануарлар шикі заттары тері, жүн, ет
- Пастереллалармен жанасып, залалданған тағам өнімдері, су, ауа.

## Қауіп-қатер тобы

- Кәсіби малшылар: қасапхана, ет комбинаты, аң шаруашылығы фермалары: жұмысшылары, аңшылар
- Жеке шаруашылықта үй жануарларын ит, мысық ұстайтын тұрғындар.

# Диагностикасы.

*1. Бактериологиялық,  
бактериоскопиялық  
әдіс*

*2. Биологиялық  
сынама*

*3. Серологиялық әдіс-  
ГАТЕР-антиденелер  
титрінің өсуі.*

***Инкубациялық кезеңі- 1-7 күн. Сирек респираторлы және абдоминалды, сепсис түрінде өтеді. Абсцесс, флегмона, остеомелит болуы мүмкін.***

# Пастереллез оқинасының стандарттық

## 1 Болжамалы оқиға

Келесі клиникалық көріністермен сипатталатын, жіті немесе жітілеу өтетін ауру:

- *Жалпы көріністер:* дене қызуының көтерілуі, қалтырау, бас ауыруы, күйінің нашарлауы, әлсіздік.
- *Жергілікті көріністері:* біріншілік-терілік аффектінің дамуы, аймақтық лимфаденит. *Эпидемиологиялық алғышарттар:*

- Ең ұзақ жасырын кезең аралығында пастереллез бойынша қолайсыз аймақтарда болуы немесе ауылдық жерде тұру
- ЖӘНЕ**

Төмендегілердің кем дегенде бірнешеуінің болуы:

- Мал сою, ұшаны бөлшектеу, және ет тағамын дайындау;
- Ауыл шаруашылық жануарларға күтім жасау;
- Термиялық өңдеуден толық өтпеген етті пайдалану;
- Үй жануарларының болуы (мысық, ит, терісі бағалы заттар);
- Мал өнімдерін өңдейтін орындарда, құс және аң фермаларында уақытша және тұрақты жұмыс істеу.



## 2 Ықтимал оқиға

- ❖ Ықтимал оқиғаға сәйкес келетін сырқаттылық  
ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ

Келесі эпидемиологиялық белгілердің кем дегенде бірінің болуы:

- Жануарлардың сырқаттанушылығының жеке жағдайларымен жене/немесе белгілі бұрқетемен эпидемиологиялық байланыстың болуы;
- Тұрмыстық немесе өндірістік ошақтардағы тұрғындар арасында дәлелденген пастереллез оқиғасымен байланыстың болуы;
- ТГАР оң нәтижесі анықталуы.

# 3 Дәләлденген оқиға

❖ Болжамалы және ықтимал оқиғалардағыдай сырқаттылық

## ЖӘНЕ

- Науқастан және/немесе ауырған адам, тағам өнімдері сынамаларынан пастерелла дақылын бөліп алу;
- 1:100 және жоғары титрлі ТГАР оң нәтижелері.

\* Биоматериалды бактериологиялық зерттеудің нәтижесі, жедел пастереллездің болуын жоққа шығармайды.

\*\* Бұр серологиялық реакциялардың нәтижелерінің ақпаратталыға төмен.

# Пастереллезге шағаланың эпидемиологиялық тексеру және эпизоотияға, эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру алгоритмі

Мақсат

Пастереллез оқиғасының пайда болу себептері мен жағдайын анықтау, пайда болған эпизоотиялық ошақта кешенді медициналық-санитарлық және ветеринарлық-санитарлық шараларды ұйымдастыру арқылы оны тежеу немесе жою.

Кезеңдер және шаралар

- Сырқаттанғандар клиникалық көрсеткіштері бойынша ауруханаға жатқызылуы керек.
- Науқастармен қатынаста болғандарға жекешелеу жүргізілмейді, ошаққа карантин қойылмайды.
- Ошаққа эпидемиологиялық тексеруді дәрігіер-эпидемиолог ветеринарлық қызметтің мамандарымен бірлесіп жүргізеді.
- Инфекция көзі, берілу жолдары мен факторлары науқастармен және күдікті жануарлардан алынған материалдарды (қан,жұлын сұйығы,жара бөліндісі, папула, сорындылар) зертханалық зерттеу арқылы анықталады.
- Ошақта пастереллезге күдікті адамдарға зертханалық және клиникалық тексеру жүргізіледі.
- Науқастың кәсіптік қатынасын анықтау.
- Дератизациялық және дезинфекциялық шараларды жүргізу.
- ❖ Эпизоотияға қарсы шаралар
- Пастереллез ауруымен ауыратын және пастереллезге күдікті үй жануарын анықтау, оқшаулау және оларды емдеу.
- Ауру жануарлармен бірге болған басқа барлық жануарларға иммунизация жасау.
- Қораларды және аймақты тазалау мен дезинфекция жүргізу.
- Ветеринарлық-санитарлық қадағалау жүргізу.

# Пастереллез оқиғасының ресми тіркелуі болмағандықтан эпидемиологиялық қадағалау жасалмаған.

## Пастереллездің алдын алу шараларының алгоритмі.

мақсат

Тұрғындар арасында пастереллез жағдайларын кешенді медициналық-санитарлық, ветеринарлық-санитарлық және арнайы шараларды ұйымдастыру мен жүргізу арқылы алдын алу.

шаралар

- ❖ Медициналық-санитарлық және ветеринарлық-санитарлық шараларды атқару
  - Эпизоотиялық ошақтар:
    - ауру жануарларды қараған кезде, сақтық шараларын жүргізу (арнайы киім, жануармен жанасқаннан кейін қолды жуу т.б.)
    - Балалардың ауру жануармен қарым-қатынасын тоқтату және болдырмау:
    - Кеміргіштер көп шоғырланған мал шаруашылық нысандарында және азық түлік қоймаларында дератизациялық шараларды жүргізу.
    - Пастереллездің табиғи ошақтарының маңында орналасқан эпидемиологиялық мәні бар нысандарға дератизациялық шараларды жүргізу. Шаруашылық, ветеринарлық, санитарлық нысандардың аймағындағы эпизоотияның қарқындылығы мен көлемін бақылау.
    - Пастереллез бойынша қолайсыз табиғи және антропургиялық ошақтарда тұратын тұрғындар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу.
- ❖ Арнайы шаралар
  - Жұқтыру қаупіне ұшыраған адамдарға шұғыл түрде антибиотикпен ем жүргізу (пенициллин, тетрациклин, сифлокс 5-7 күн аралығында).

# алгоритмі

Елді мекендердегі, шаруашылықтарлағы эпизоотиялық жағдай туралы ретроспективтік және қауырт ақпараттарды жинау және талдау (“Карта ...” бойынша ошақтарды эпизоотологиялық-эпидемиологиялық тексерулердің қазіргі және бұрынғы нәтижелері бойынша мәліметтер.

Аурудың адамдарға жұғу жағдайын анықтау: ауру жануарларды және құстарды сою, олардың ұшаларын бөлшектеу, етін өңдеу, сондай-ақ ауру жануарлардың тістеуі немесе тырнауы (мысық, ит) бүргелердің және кенелердің шағуы арқылы жұғу мүмкіндігі.

Маңызды клиникалық көріністері аурудың түріне байланысты: көбінесе терілік түрі кездеседі, терідегі қабыну көріністері (ісіну, қызару) субфебрильді температура, абсцесс, флегмона, остеомиелит; тыныс алу жолдары сілемейлі қабатының (пневмония, бронхоэктаз), ішектің бадамша бездердің, конъюнктиваның зақымдалу көрінісіне байланысты. Ал сепсистік түрде-дене қызуының жоғары болуы, буындардың, ОНЖ зақымдалу тән.

Зертханалық маңызды талдаулардың нәтижесі: қан дақылын бөліп алу, пастерелла түрлерінің анықталуы, бактериоскопиялық; серологиялық; ТГАР, АР-мен арнайы қарсыденелердің анықталуы.

Қоздырғыш көзін, беріліс жолдарын және факторларын (жануарлардың түрі бойынша, науқас санына, малдың оң нәтиже беруіне байланысты) бактериологиялық, серологиялық және басқа да зерттеу әдістерін қолдану арқылы анықтау.

Эпидемиологиялық анамнездің қортындысы, ошақта ауыру адам және ауырған жануар анықталған жағдайда, ошаққа эпизоотологиялық-эпидемиологиялық тексеру (картаның мәліметтері) жүргізу кезінде анықталған ақпараттар және ветеринарлық қызметтің ошақты жоспарлы тексеруі барысында алынған мәліметтері бойынша.

**ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОЗ ҚОЮ**

# Эпидемиологиялық қадағалау

- аурудың таралуына әсер ететін факторлар мен жағдайларға, эпидемиялық процестің динамикасына мониторинг жүргізу.
- алдын-алу шараларының ғылыми негізделген жүйесін шығару үшін алынған ақпаратқа талдау жүргізу.

# Мақсаты:

- Эпидемиологиялық жағдайды бағалау;
- Пастереллездің пайда болуын ескертуге бағытталған эпидемияға қарсы шараларды жоспарлау және басқарушылық шешім шығару үшін эпидемиялық процестің даму тенденциясын бағалау;

# Пастереллезді инфекцияда эпидемиялық қадағалау

*Сырқаттанушылыққа мониторинг жүргізу*

*Қоздырғыш циркуляциясын бақылау*

*Жүргізілетін іс-шараның тиімділігін бағалау және болжау*



# Тапсырмалары

- ✓ *инфекцияның әлеуметтік-экономикалық мәнін, таралу сипатын және көлемін әрқашан, объективті бағалау;*
- ✓ *эпид. процесс тенденциясын анықтау;*
- ✓ *жоғары деңгейдегі сырқаттанушылық байқалған аймақ, облыс, ұжымдарды анықтау;*
- ✓ *аурудың даму қаупі жоғары контингентті анықтау;*
- ✓ *территориядағы пастереллез бен сырқаттанушылықтың деңгейін және құрылымын анықтайтын себептерді және жағдайларды айқындау;*
- ✓ *жүргізіліп жатқан профилактикалық, эпидемияға қарсы шаралардың тиімділігін және сапасын, көлемін бағалау және бақылау;*
- ✓ *эпидемиологиялық жағдайға болжам жасау;*

## Пайдаланған әдебиеттер:

- <http://www.who.int/tb/vaccinesfaqs/ru/index.html>
- <http://www.antibiotic.ru/cmasc/2001.274.html>
- Ирсимбетова Н.А. Абуова Г.Н. Тулепова З.Т  
“Эпидемиологиялық оқулық”, 2013ж